

Шымкент қаласы білім басқармасының
№31 «Терешкова атындағы жалпы
орта білім беретін мектеп»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение
«Общеобразовательная средняя школа
№31 имени Терешковой»
управление образования города Шымкент

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы «14» қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 304
город Шымкент

"Ұл бала тәрбиесі туралы"

Ұл балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүргізілуін жандандыру мақсатында **Бұйырамын:**

1. Ұл балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүргізілуін жандандыру мақсатында іс-шара жоспары түзіліп бекітілсін.
2. Ұлдар кеңесі төрағасы болып АӘД пәнінің жетекшісі М.Әсіл сайлансын.
3. Ұлдармен жүргізілетін тәрбие жұмысының жоспар бойынша жүргізілу жауапкершілігі ДТЖО Ғ.Нұсқабаевқа жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Нұсқабаевқа жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Нұсқабаевқа жүктелсін.

Мектеп директоры:



Нурсеитов Е.К

Бекітемін;
Мектеп директоры:
Е.К.Нурсейтов

**В.Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінің
2023-2024 оқу жылына арналған
«Жігер Ұлдар» кеңесі ұйымының іс –шара жоспары**

№	Жүргізілетін іс –шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ұйымның іс –жоспарын бекіту	Қыркүйек	Нұсқабаев Ғ.А.
2	Мектеп формасының сақталуы, ұлдар жиналысы.	Қыркүйек	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
3	Ер жігіт болашақ отбасы басшысы, Отан қорғаған бауырларының тірегі (баяндама)	Қыркүйек	Нұсқабаев Ғ.А.
4	Дәрігермен кеңес. Жеке бас гигиенасы. Ұлдармен әңгіме.	Қазан	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
5	Жеті атасын білген ер, Жеті жұрттың қамын жер (баяндама)	Қараша	Нұсқабаев Ғ.А.
6	Ұлдар нені білу керек? Ұлдар жиналысы.	Қараша	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
7	Ұлдар ұйымы отырысы қорытынды есебі (пікірлесу) психолог, мектеп медбикесі	Желтоқсан	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
8	Тәрбиесі қиын ұлдардың ата –аналарымен баланыс.	Үнемі	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
9	Ұлдар салт –дәстүрі негізінде тәрбиелеу.	Қатаң	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
10	1.Әкең асыл қазынаң, Аға, інің асқар тауың. Ұлдар жиналысы. 2. «Тазалық терең байлық»	Ақпан	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
11	1.Ұл 15-ке келгенде Ұлдар жиналысы 2.Сабақтан көп қалатын ұлдармен жұмыс, әңгіме	Наурыз	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
12	Ұлдар жиналысы, мамандармен пікір алмасу.	Наурыз	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
13	Ұлдар үшін білім алудың маңызы қандай?	Сәуір	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
14	Ұлдар жиналысы, мамандармен пікір алмасу	Сәуір	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
15	Ақылды және тәрбиелі болу деген не? (баяндама)	Мамыр	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М
16	Ұлдар ұйымының отырысы. Жазғы демалысты қайда өткізесің? Ұлдармен әңгіме.	Мамыр	Нұсқабаев Ғ.А. Әсіл М


Директордың тәрбие ісі орынбасары:

Ғ.А.Нұсқабаев



**Беседа с мальчиками
по нравственно- правовому
воспитанию
10 в класс
Клас .рук : Каюпова Н.И.
от 14.11.23**





Терешкова атындағы № 31 жалпы орта білім беретін мектебі
2023-2024 оқу жылында 8 А сынып оқушыларымен
«Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық алдын
алу» тақырыбында
откізілген ұлдар жиналысының

ХАТТАМАСЫ

06.10.2023 оқу жылы

Қатысқандар: 15
Себеппісі:

Күн тәртібі

1. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың, қаңғыбастық пен панасыздықтың, зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің, тыйым алынған интернет сайттарға кірудің алдын алу
(Сынып жетекші)

2. Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу бос уақытын тиімді ұйымдастыру (салауатты өмір салтын қалыптастыру, мектептен тыс үйірмелерге оқушыларды тарту)
(Сынып жетекші)

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 8 А сынып жетекшісі «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың, қаңғыбастық пен панасыздықтың, зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің, тыйым алынған интернет сайттарға кірудің, аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу» тақырыбыда баяндама оқып түсіндірме жұмыстарын жүргізді. (Слайд 1) Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі дұрыс ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады. Жалпы адам жақсы-жаманды отбасынан біліп, оның қыр-сырын бойына сіңіреді. Өйткені, балалардың алғашқы өсіп-өнуі, қалыптасуы, әлеуметтік қарым-қатынасы, байланыстары, іс-қимылдар мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі отбасынан басталады.

Отбасы баланың адамгершілік, тұлғалық қасиеттерін, жеке қабілеттерін дамытып, белсенділікке, шығармашылыққа жігерлі, қайратты, адал болуға тәрбиелейді. Сондықтан да жасөспірімдердің адамға, қоғамға, жалпы мемлекет пен ұлтқа көзқарасы ата-ананың көрсеткен тәлім-тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына от басында әке-шешесінің тату тұруы, отбасында әке-шешесінің біреуі болмауы немесе екеуінің болмауы әсер етеді. Сондықтан да жақсы тәрбие мен отбасындағы жағдайдың жасөспірімдер өмірінде алатын орыны ерекше. Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан қоғамды өркениеттілікке жеткізу, ең алдымен, әр отбасындағы өмірді дұрыс ұйымдастырудан басталмақ. (Слайд 2)

Әлемде қазіргі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған – бұл жасөспірімдердің, балалардың зорлық – зомбылыққа ұшырауы. Барлық балалар үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде балалар күнделікті қатыгездікпен және зорлық – зомбылықпен ұшырасып отырады. Баланың болашақта қандай азамат болуы оның мектепте, отбасында қоршаған ортада алған тәрбиесіне байланысты. Балалар да, ересектер сияқты сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы мен Азаматтық саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы көзделген заң тарапынан да тең қорғау көрсетілуіне құқылы.

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін – бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік тәрізімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – Конституциялық заңдылықтың басты талабы. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу.

Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін. Көп уақытта балалардың өміріне балта шаппау мақсатында, олардың кішігірім қылмыстарын жауып тастауға, ешкімге айтпауға тырысамыз, бірақ, қазіргі қоғамның қажеттілігі сол жағдайлардың айтылып, оқушының түпкілікті бақылауға алынуын қажет етеді дей келе

- «Қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау керек?»
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мынадай принциптерге сүйенеді»
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жүзеге асыратын субъектілерге» тоқталып өтті (Слайд 5)

1. *[Faint, illegible handwritten text]*

2. *[Faint, illegible handwritten text]*

3. *[Faint, illegible handwritten text]*

4. *[Faint, illegible handwritten text]*

5. *[Faint, illegible handwritten text]*

6. *[Faint, illegible handwritten text]*

7. *[Faint, illegible handwritten text]*

1. Қызылорда облысындағы жасөспірімдер арасындағы қалыңдықшылықтың дең-
гейін анықтау, қолданыстағы және қолданылмағандығын анықтау және түзету
жұмыстары және олардың жүзеге асырылуының жағдайы туралы
Қызылорда облысындағы жұмысшылардың қатысуымен анықтау
жұмыстарының қолданылуы және қолданылмағандығы туралы анықтау және оның
жүзеге асырылуы, осының нәтижесінде тәртіптің бұзылуы, қалыңдықшылықтың жүзеге
асырылуы туралы

2. Қызылорда облысындағы жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-
құлқын анықтау және оның оқушылардың бойындағы белсенділікті байқау
жұмыстары және оның жүзеге асырылуы туралы анықтау және оның жүзеге
асырылуы

Жиналыс төрайымы  Нұсқабаев Г.
Хатшы:  Бектаева А

ҰЛДАР ЖИНАЛЫСЫ

Тақырыбы: «Кәмелетке толмаған жасөспірім ұлдар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың, зорлық – зомбылықтың, аутодеструктивті мінез – құлықтың, нашакорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, галамтор желісіндегі тыйым салынған сайттарға кірудің алдын алу»



10 «А» сынып жетекшісі: Куздеубаева К.А.



Терешкова атындағы № 31 жалпы орта білім беретін мектебі
2023-2024 оқу жылының
ұлдар жиналысы
хағтамасы

2023 жылының 04 қазанында Терешкова атындағы № 31 жалпы орта білім беретін мектебінің 8«Б» сынып ұлдарына сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен жиналыс өтті.

Қатысқандар: 6 «А» «Ә» «Г» «Б» сынып ұлдары

Сынып жетекшілері: Дүйсенова А, Бакторазова Э, Алимова Д, Жунусова А.

Күн тәртібінде:

- 1.Бүгінгі үл ертеңгі әке және осы тұрғыдан ұлдар қандай болуы тиіс.
- 2.Сыныпта ұлдарымыз өздерін қалай ұстады..
- 3.Ұлдар арасында кездесетін сұрақтар.
- 4.Ұлдарға кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың, панаһсыздықпен қараусыздықтың, ұрлықтың, зиянды интернет сайттардағы ойындардың, зорлық-зомбылықтың, психотропты заттарды қолданудың алдын алу туралы.
5. Тыйым салынған интернет сайттарға кірудің алдын алу. (Қауіпсіз интернет, ғаламтор әлеуметтік желілеріндегі жасөспірімдерге кері әсер ететін тик-ток, порнографиялық, діни экстремистік, суицидтік контенттер, вконтакте, инстаграмм, ватсап және т.б) сайттарды қадағалау.
- 6.Мектепте ұялы телефон ұстауға қатаң тыйым салу туралы.
- 7.Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мектептен тыс үйірмелерге оқушыларды тарту)
- 8.Жасөспірімдер арасындағы буллинг, оның алдын алу

Тыңдалды

Сынып жетекшісі ұлдар өздерін қалай ұстады үлгерімі, мінезі және әдебі жайлы кең түрде айтып өтті. Өз кезегінде ұлдарға ескерту берді

Ұлдар кезе-кезек өздерін ойландырған сұрақтарына жауап іздеп бұл жайдайларға тиісті жауаптарын алды. Үлгілі ұстаздардан үлгі алу керектігін айтып мысалдар келтірді.

Сынып ұлдары Дулан Даулет, Жасузах Диас өздерін толғандырып жүрген сұрақтар мен бөлісті.

Үлкендерді сыйлау, сабақ кезінде өз достарымен қандай қатыста болу керектігі айтылды.

Ұлдар арасында кездесетін келеңсіз жағдайлар жайлы кеңнен айтып ұлдардың сұрақтарына жауап берді.

Жиналыста ұлдардың тәртібі, сабаққа қатысуы, құқық бұзушылықтың алдын алу, қазақ отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері, қоғамдық ортада ұл бала өзін қалай ұстау керектігі жайлы айтылды.

Күн тәртібіндегі қойылған мәселелер бойынша сынып жетекшісі Нурмағамбетова М. К. мектептің ішкі тәртіп ережелерін таныстырып, оқушылардың сабаққа қатысуын, қарым-қатынас мәдениетін, мектеп мүлкін сақтау мен ұялы телефонды қолдану тәртібі туралы айтып өтті. Сондай-ақ мектеп жасындағы балалардың түнгі уақытта көшеде жүрмеуі, ойын-сауық орталықтарына бармауы және сабақтан тыс кездегі бос уақытын тиімді пайдалану жайындағы ұсыныстарымен жалғасты. Жолда жүру ережелері, бала өмірінің қауіпсіздігі, тәртіп бұзушылық туралы түсінік берілді.

Ер баланың дұрыс тағылым- тәрбие алуы, дүниенің сырын танып білуі отбасындағы ата-аналардың ақыл кеңесі мен үлгі-өнеге көрсетуіне байланысты екендігі айтылды

Ұлдарға тыйым салынған интернет сайттарға кірудің алдын алу кейбір сайттар ізгі ниетті адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқына мүлдем сәйкеспейтін, тіпті жасөспірімдер тұрмақ, ересектердің де жүйкесіне тиетін небір әдептен жұрдай материалдарға толы, ең қауіптілігі сол мұндай ардан безген ұятсыздықтың бірте-бірте етек жая түсуі. Оларға кіру оп-оңай, оны дүниетанымы мен көзқарасы жаңа қалыптасып келе жатқан бала да, жасөспірім де көре алатындығы ғаламтор әлеуметтік желілердегі жасөспірімдерге кері әсер ететін Тік Ток ,

ВКонтакте, инстаграм, Whatsapp және әртүрлі зиянды сайттарға кірмеу және ұялы телефон ұстауға қатаң тыйым салу керектігі ескертілді

Ұлдарға мектепте, сыныпқа ұялы телефонды (смартфон) әкелуге қатаң тыйым салынатыны туралы ескертілді.

Оқушыларға сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру туралы (үйірмелер, спорт секциялары мектеп, қала көлеміндегі) , жан-жақты болып осу тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейтіні, мектеп, қала көлеміндегі үйірмелер, спорт секциялары баулу керектігі айтылды.

Ұлдарға қазір халқымыздың арасында көпшілікке таралып, қызу талқыланып, наразылық танытып, шешімін табуды талап етіп жатқан жасөспірімдер арасындағы жантүршігерлік буллинг жасырын қалып, өз жалғасын тауып жатқандығы айтылды, бірақ жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу керектігі, сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білу керектігі ескертілді. Оқушыларға өзі сенім артатын үлкендерге болып жатқан қысым туралы айту,

қудалауға қатігездікпен жауап берем деп үміттену дұрыс емес. бұл тағы да басқа мәселелерді тудыруы мүмкін, егер буллингтің куәгері болған жағдайда оны назардан тыс қалдырмау керектігі айтылды.

Қаулы:

1.Сыныптың мінез-құлқы жақсылансын,сынып жетекшінің ұйымдастыру кезеңіндегі жұмысы жақсы деп бағалансын.

2.Ұлдардың үлгерімін жақсарту шаралары қолданылсын

3.Ұлдардың оқушылардың ата-аналары пән мұғалімі мен байланыста болсын, қосымша сабақтарға қатысу ұйымдастырылсын.

Алдағы уақытта сыныптың тәртібі және білімін қадағалау сынып жетекшілеріне тапсырылсын.





Хаттама

Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде

11.01.2024ж

«Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың, қылмыстың алдын алу болдырмау және бопсалаудың (кибербуллинг), зорлық зомбылықтың алдын алу» мақсатында мектеп оқушыларымен құқықтық іс-шара өткізілді.

Қатысқандар: 6-7 сыныптар

Күн тәртібінде:

1. Кездесудің мақсаты мен міндеттерімен таныстыру.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұсқабаев Ғалымжан Артықұлы

2. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың, қылмыстың, атыс пен суық қарудың, ұялы телефондарды тартып арудың, насыбай, темекі шегудің (электронды сигареттер), алкогольді пайдаланудың, ұры-қарылықтың және ақша жинау мен бопсалаудың, әлімжеттіліктің (буллинг), интернет бопсалаудың (кибербуллинг), зорлық зомбылықтың алдын алу»

Еңбекші ПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ
полиция капитаны
Орын Таңшолпан Қуанышқызы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұсқабаев Ғалымжан Артықұлы сөз алды. Ол өз сөзінде күн тәртібімен таныстырып, кездесудің мақсатын айтып өтті. Мақсаты: Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың, жасөспірімдер арасындағы атыс пен суық қарудың, ұялы телефондарды тартып арудың, ұрлықтың, ақша жинау, бопсалаудың алдын алу. Осы мақсатта жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу үшін жан-жақты жүргізіліп отырған іс-шараларымыз өз нәтижесін береді деп ойлаймын деді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп инспекторы Еңбекші ПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Орын Таңшолпан сөз алып «Жасөспірім және жан» тақырыбында әңгіме өрбітті. Инспектор өз сөзінде, қазіргі таңдағы жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың әртүрлілігі дендеп барады деді. Атап айтқанда: атыс пен суық қаруларды қолдану, бөтеннің ұялы телефонын тартып алу, ақша бопсалау, электронды сигареттерді, спирттік ішімдіктерді пайдалану сияқты қылмыстардың жиілеп бара жатқандығын балаларға кеңінен түсіндірді. Жиілеп бара жатқан қылмыстардың біріне тоқталсақ, бөтеннің мүлкін, ұялы телефонын ұрлап алу немесе тартып алу, қазіргі таңдағы жастардың арасында бір жеткіншек екіншісінің затын әзілдеп, қорқытып сұрап алып, оның арты үлкен қылмысқа айналып бара жатқанын тілге тиек етті. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделері, бостандықтары және оларды қорғау – мемлекеттің басты міндеті. Соған қарамастан, қылмыс атаулының белгілі бір бөлігін жасөспірімдер жасайды. Жасөспірімдер білуге міндетті негізгі қағида: қылмыс жасаған жасөспірімдер міндетті түрде жазаланатынын ескертті.

Өз сөзін тиянақтай келе, мектеп инспекторы жоғары сынып оқушыларына ҚР қылмыстық Кодексі, ҚР Бала құқығы туралы Заңы, және ҚР Әкімшілік

құқықбұзушылық туралы Кодексінің жасөспірімдерге қатысты баптарын толық таныстырып өтті. ҚР Заңдарының баптарын түсіндіре келе заңды білмеу қылмыстық жауапкершіліктен құтқармайды деді. Қылмысқа барған жасөспірімдердің қылмыс жасаулары, көбінесе олардың ересектерге еліктеуімен анықталады да, жалпы қылмыстың өсіп отырғанын осымен байланыстырамыз деді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша педагог-психолог З.Абдумоминова мектеп оқушыларына аталған тақырыптарға арнайы дайындаған видео-роликтерді көрсетіп, әр видео-ролик бойынша оқушылармен сұрақ –жауап түрінде пікірталас жүргізді. Жас ұрпақтың ұрыс-соғыс, төбелес сияқты қанды оқиғаларға деген қызығушылығы күннен күнге артып барады. Осындай тақырыптағы бейнероликтерге әуес балалар өз көзімен көргендерін қалта телефонының камерасына түсіріп, видеоны өзара алмасуды әдетке айналдырып жүр. Тіпті оқушылар арасындағы төбелесті интернет арқылы таратып, пайда тауып жүргендер де бар көрінеді. Мұның Заң бұзушылық әрекетіне жататынын жасөспірімдер біле бермейді деді. Сонымен қатар бейне-роликтерді заңсыз таратқандар жауапкершілікке тартылатынын ескертіп өтті.

Өтілген кездесуді қорытындылай келе мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұсқабаев Ғалымжан Артықұлы сөз алып, оқушыларға «Азамат жолы ар жолы» демекші, ешкімнің ала жібін аттамай, өз құқығымызды да, өзгенің құқығын да бұзбай Тәуелсіз елдің арқа сүйер айбынды, ақылды ұлқызы болып өсейік деді.

Күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша төмендегідей қаулы қабылданды.

Қаулы:

1. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың, қылмыстың, атыс пен суық қарудың, ұялы телефондарды тартып алудың, насыбай, темекі шегудің (электронды сигареттер), алкогольді пайдаланудың, ұрыс-қарылықтың және ақша жинау мен бопсалаудың, әлімжеттіліктің (буллинг), интернет бопсалаудың (кибербуллинг), зорлық зомбылықтың алдын алу» тақырыбында өткізілген іс-шара қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Жасөспірім мектеп оқушыларының қылмысы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Қылмыстың алдын алу мақсатында педагог-психологтар, сынып жетекшілер, мектеп инспекторлары жасөспірім мектеп оқушыларына жүйелі түрде дөңгелек үстел, тренингтер өткізіп, сауалнамалар алу жұмыстары жандандырылсын.

Мектеп директоры:



Е.К.Нурсейтов Е.К.Нурсейтов

Хатшы:

К.Калиева К.Калиева

Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектеп
«Тәртіпке бас иген құл болмайды» тақырыбында ұлдар жиналысының
хаттамасы

Сыныбы: 9 «Б»

Сынып жетекшісі: Нұрмағамбетова М.А.

Қатысқандар -17

Қатыспағандар -0

Өткізілген уақыты: 5.10.2023.

Күн тәртібінде:

1. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыс және оның алдын алу.
2. Тұрмыстық зорлық-зомбылық және оның алдын алу.
3. Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу .
4. Бос уақытты тиімді пайдалану, зиянды әрекеттерден оның ішінде электрондық темекіден аулақ болу

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша сынып жетекші сөз алып, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу тақырыбында баяндама оқыды.

Оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып, заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру жасөспірімдердің қылмыстылығының қылмыстық сипаттамасын беру, қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен таныстырды. Бұл жерде жасөспірімдер арасында қылмыстық істердің көбею себептері: отбасындағы ақау тәрбие, отбасындағы материалдық әл- ауқаты, жұмыссыздық, баланың бос уақытының шамадан тыс көп болуы, ата ана тарапынан бақылаудың аз болуынан орын алып отыр.

Рухани құлазуы сынды себептерін атап өтілді. Және осы жасөспірімдерді қылмысқа есірткі, темекі , насыбай әр қилы сусындар, алкогольдік ішімдіктер, компьютер клубтар сияқты жастарды жаман жолға итермелейтіні айтылды.

Осындай келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында жастарды қылмыстан алшақтату үшін сақтандыру мақсатында әңгімелесу, құқық бұзушының мінез құлқын ұжымда талқылау, жасы толмағандарды қоғамға пайдалы жұмысқа тарту алдын алу шараларын жасау қажеттілігі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша, оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мәлімет беріліп өтілді. Оқушыларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға , бұзақылық істерге бармауға адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға , әдепті де тәрбиелі тұлға болып жетіліп өсуін айтып өтті. Ата- аналар

тарапынан балаға қатаң талаптарды жүктеу арқылы да зорлық белгілері байқалады. Физикалық зорлық-зомбылық, бұл кеңінен тараған жәбірленудің бір түрі. Осы жәбірленуде көбінесе отбасында баланы ұрып соғу жағдайлары жиі кездеседі. Отбасылық ұрыс, бала саудасы, әлемде шешімі табылмай келеді.

Қорыта келе, тәрбиеге әсер ететін өске орта ата-ананың тәрбиесі дұрыс болмаса, жаман әсерлер адамды азғырып түрлі жаман мінезді жұқтыратыны айтылды.

Үшінші мәселе бойынша, жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жағдаяттық сұрақ-жауап арқылы оқушылардың өмірге деген құштарлығын қызығушылығын ояту бағытында жұмыстар жасалды. Өмірдің мәні туралы ой пікірлерін ортаға салдыра отырып, өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей бағалай білуге бағыт-бағдар берілді. Статистикалық зерттеулер қорытындысына сүйенер болсақ жасөспірімдер арасында суицидтің алдыңғы орын алатындығы белгілі болып отыр. Көптеген зиянды сайттарда отыру, отбасылық кикілжің осы себептердің кесірінен көп жағдайда балалар осы іске баратыны белгілі болып отыр. Бұл жерде, балаларға ата-анасымен кез келген тақырыпта еш кедергісіз сөйлесу қажеттілігі туралы айтылды.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша балалардың бос уақытты тиімді пайдалану, зиянды әрекеттерден аулақ болу мәселесі қозғалды. Соның ашәнде электронды темекінің зияндылығына ерекше тоқталды. Мектеп қарамағындағы түрлі үйірмелерге қатынасу, мектептен тыс түрлі мекемелерде спорттық, тілдік тағы да басқа үйірме, курстарға қатыса отырып, уақыттарын тиімді пайдалануға шақырылды. Өз-өзін үнемі дамытып отырған кез-келген адам міндетті түрде зиянды ірекеттерден аулақ болады деп қорытындыланды.

Шешімі:

1. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары дұрыс жолға қойылсын.
2. Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу мақсатында жиі түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, әр баланың өзіндік психологиясына сәйкес әңгіме-дүкен құрып отырылсын.
3. Бос уақытты тиімді пайдалану, зиянды әрекеттерден аулақ болу үшін оқушы түрлі үйірмелерге қатыстырылып, өз-өзін дамыту бағытында жұмыс жүргізілсін.

Сынып жетекші: М.А.Нұрмағамбетова

ҰЛДАР ЖИНАЛЫСЫ

Тақырыбы: Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыстың, тұрмыстық зорлық зомбылықтың, жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез құлықтың, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қатынастың, тыйым алынған интернет сайттарға кірудің (Галамтор әлеуметтік желілеріндегі жасөспірімдерге кері әсер ететін Тик-ток , инстаграм, ватсап және әр түрлі зиянды топтарға кірмеу және ұялы телефон ұстауға қатаң тыйым салу туралы), бос уақытты тиімді пайдалану мен зиянды әрекеттерден аулақ болудың алдын алу



Құқық бұзушылық істейтін жұмыстың жоқтығынан, Абай атамызша айтқанда «көйлегі көктік, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын».

№31 Терешкова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
«Ұлды ұясында баулы» тақырыбындағы 10 «А» сынып
ұлдар балаларымен өткізілген жиіналыс
Хаттама

2023-2024 оқу жылы
Қатысқандар: 8
Өткізу күні: 24.01.2024 жыл

Күн тәртібінде

1. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс және оның алдын алу.
2. Тұрмыстық зорлық зомбылық және оның алдын алу.
3. Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу
4. Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қатынастың алдын алу
5. Тыйым алынған интернет сайттарға кірудің алдын алу
(Ғаламтор әлеуметтік желілеріндегі жасөспірімдерге кері әсер ететін Тик-ток , инстаграм, ватсап және әр түрлі зиянды топтарға кірмеу және ұялы телефон ұстауға қатаң тыйым салу туралы)
6. Бос уақытты тиімді пайдалану, зиянды әрекеттерден аулақ болу

Эпиграф: «Адамға ең бірінші білім емес,
тәрбие берілуі керек,
тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас – жауы»
Әл – Фараби.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша сынып жетекшісі Куздеубаева К.А сөз алып «Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада жасөспірімдер арасындағы қылмыстың жазасы, заңда көрсетілген жауапкершіліктер туралы айтылды.

Оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып, заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру, жасөспірімдердің қылмыстылығының қылмыстық сипаттамасын беру, қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен таныстыру. Қазақстан Республикасының Конституциясы баптарын біліп, құрметтей білуге үйрету. Жалпы жасөспірімдер арасындағы қылмыстық істердің көбею себептері ол отбасындағы тәрбие, отбасындағы материалдық әл ауқаты, жұмыссыздық, баланың бос уақытының шамадан тыс көп болуы, ата-ана тарапынан бақылаудың аз болуы, рухани құлазуы сынды себептерде атап өтілді. Және осы жасөспірімдерді қылмысқа есірткі, темекі, насыбай әркілы сусындар, алкогольдік ішімдіктер, компьютер клубтар сияқты жастарды жаман жолға итермелейтіні айтылды. Сонымен жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында жастарды қылмысқа тартпау үшін, сақтандыру мақсатында әңгімелесу, құқық бұзушының мінез-құлқын өзгертуге ұжым болып қолдау көрсету, талқылау, жасы толмағандарды қоғамға пайдалы жұмысқа тарту, алдын алу шараларын жасау қажеттілігі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мәлімет берілді. Оқушыларға өз жүрген орталарында мейрімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де тәрбиелі тұлға болып жетіліп өсуін айтып өтті. Ата-аналар тарапынан балаға қатаң талаптарды жүктеу арқылы да зорлық белгілері байқалады. Физикалық зорлық-зомбылық, бұл кенінен тараған жәбірленудің бір түрі. Осы жәбірленуде көбінесе отбасында баланы ұрып соғу жағдайлары жиі кездеседі. Отбасылық ұрыс, бала саудасы әлемде шешімі табылмай келеді. Қорыта келе, тәрбиеге әсер ететін өскен орта, ата-ананың тәрбиесі дұрыс болмаса, жаман әсерлер адамды азғырып, түрлі жаман мінезді жұқтыратыны айтылды.

Үшінші мәселе бойынша жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты:

2. Өмірдің мәні туралы ой пікірлерін ортаға салдыру, өмірге жақсы көзқараспен карауға, қадірлей, бағалай білуге тәрбиелеу.

3. Өмірден өз орындарын таба білу, айналасына қуаныш сыйлай білуге үйрету.

Статистикалық зерттеулер қортындысына сүйенер болсақ, жасөспірімдер арасында суицидтің алғашқы орындарды алатындығы белгілі болып отыр. Осы орайда соңғы болып жатқан жасөспірімдер арасында өз өзіне қол жұмсау себептері мен өз қатарластарының іс – әрекетін қалай болдырмауға болатын еді, алдын алу үшін ортасы қалай көмек беруіне болатын еді ойларын тыңдап, пікір алмасу жүргізілді. Көптеген зиянды сайттарда отыру, отбасылық кикілжің, өз қиындығымен уақытында бөлісе алмау, сырласпау осы себептер адамды тығырыққа тіреп, өз өзіне қол жұмсауға алып барады. Бұл жерде баланың ата- анамен өз жан дүниесімен еш кедергісіз сөйлесу қажеттілігі туралы айтылды. Кез келген қиындықтық өз шешімі болады және жан жағымыздан көмек сұраудан қорықпауымыз қажет.

Келесі **төртінші мәселе**, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қатынастың алдын алу. Статистикалық мәліметтер бойынша:

• кәмелетке толмаған жастардың 40-60% ерте жыныстық қатынасқа түседі.

Ерте жүктілік яғни кәмелетке толмаған жасөспірім жүктілігі ер азаматты заң алдында жауапқа тартумен жазалайды. Солардың ішінде 10% 14 жасқа толмаған жасөспірімдер. Жалпы жасөспірімдер арасындағы жыныстық қатынас еліктеу, қызығушылықтан туындайды. Жасөспірім шақта шалыс басқан әр қадам болашаққа балта шабу. Жыныстық қатынас ерте жүктілікке алып келетіні барлығымызға аян, сол жауапкершілікті жасөспірім бала қаншалықты сезінеді және орындайды оқушылармен пікір алмасу, талқылау жүзеге асырылды.

Статистика бойынша бойжеткен кезіндегі жүктіліктің 70 % абортпен, 15% түсікпен және тек 15% босанумен аяқталатыны белгілі. Осы 15% босанудың өзінде ана мен бала өлімінің қатері көп. Әрбір ер азамат қыз баласын құрметтеу, сыйлау және болашағына жауапкершілікпен карауы тиіс. Қыз баласы әлемді тербетер болашақ ана екенін ұмытпауымыз қажет. Әр бір қазақ қызы менің қарындасым деген қағиданы ұмытпайықшы Себебі қыздың жүкті болуы екі адамға да қатысы бар дүние....

5-мәселе. Қазір ғаламтор желісін пайдаланбайтын бала кемде-кем. Әсіресе демалыс уақытында балалардың дені ғаламдық торды жан серігіне айналдырып алатыны шындық. Одан балаларды қорғау жолын да дұрыс қарастырмайды.

Ал ғаламтордан қорғалмаған бала түрлі психологиялық ауруларға душар болуда. Ғаламтордан түрлі ойындар ойнап, түрлі әуен тыңдап, бейнежазба көруге құмартып алған олар, тіпті компьютердің жанынан шықпайтын болды.

Ғаламтордың денсаулыққа зияны. Әрине, ғаламтордың пайдасы мол екендігі даусыз. Алайда оның зияны да аз емес. Ғаламтордың зиян жайлы сөз болғанды ең бірінші қозғалатын тақырып - ғаламторға тәуелділік. Ал бұл аңыздан алынған термин емес. Ғаламтор қолданушыларының 10%-ы ғаламторға тәуелді екендігі ғылыммен дәлелденген. Тіпті, олардың бірқатары ғаламторды үй, тағам, су іспетті өмірлік маңызды дүние деп есептейді. Оңтүстік Корея, Қытай және Тайваньда ғаламторға тәуелділікті ұлттық деңгейдегі мәселе ретінде қарастырады. Десе де ғаламтордың зияны тек мұнымен шектелмейді. Компьютер монитормының алдында ұзақ уақыт отырудың өзі көзіміздің көруіне теріс ісер етсе, компьютер алдында дұрыс қалыпта отырмағанның салдарынан қимыл-тірек аппаратымызға зиян келеді.

Адам психикасына кері әсер ететін ақпараттарды да ғаламтордың зиянды жағына қоса аламыз. Ғаламтор арқылы алаяқтар жеке тұлға жайлы мәлімет алып, оны өз мақсатына қолдануы мүмкін. Сонымен қатар, әлемдік тор арқылы компьютер жүйесіне зақым келтіріп, зиянын тигізетін вирустар тарайды. Оқушыларға ғаламторға шырпылған жасөспірімдер туралы бейнеролик көрсетілді.

Әрине, ғаламтордың пайдасы да өте зор. Дегенмен, егер әр әрекетіңізді ақылға сала отырып жасасаныз, ғаламтордың зиянын көрмесіз деген пікірдеміз.

Келесі, **соңғы мәселе** оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану. Оқушылар арасында сұрақ-жауап жүргізілді яғни болашақта кім болғың келеді, ол үшін не жасап жатырсың және сенің хоббиің. Оқушылар өздеріне ұнайтын спорт, қол өнер түрлерін айтты және мектеп қабырғасында ұйымдастырылып жатқан үйірмелер мен спорттық секциялар туралы ой бөлісті. Сыныпта ұл балалардың 70 пайызы мектеп үйірмелеріне қатысатыны анықталды. Уақытты



The first part of the document discusses the importance of maintaining accurate records. It emphasizes that proper record-keeping is essential for ensuring the integrity and reliability of the data collected. This section also touches upon the various methods used to collect and analyze data, highlighting the need for consistency and precision throughout the process.

The second part of the document focuses on the specific procedures and protocols that must be followed. It details the steps involved in data collection, from the initial planning and design of the study to the actual execution and recording of observations. This section is particularly detailed, providing a clear and concise guide for anyone involved in the data collection process.

The final part of the document addresses the challenges and potential pitfalls of data collection. It discusses common issues such as incomplete data, measurement errors, and the impact of external factors on the results. The author provides practical advice and strategies to minimize these risks and ensure that the data collected is as accurate and complete as possible. This section serves as a valuable resource for anyone looking to improve their data collection practices.

Терешкова атында №31 Жалпы орта білім беретін мектеп

*«Ұл тәрбиесі- Ұлт болашағы»
тақырыбында ұлдар
жиналысының хаттамасы*



Сыныбы –«5» Ә

Жетекшісі- Бакторазова Ә

Профилактикалық кеңес отырысы

Хаттама

Қатысқандар:

1. Еңбекші ауданы АПБ ЖПКБ ЮПТ аға УПИ полиция майоры Э.Абдурахманова
2. ДТЖО: Г.А.Нұсқабаев, Қ.Б.Калиева
3. 8-11 сынып оқушылары
4. Сынып жетекшілер
5. Қатысқан оқушы саны: 120

Күн тәртібіндегі мәселелер

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, ұсақ қылмыстың алдын алу;
2. Ерте жыныстық қатынас пен ерте жүктіліктің салдары мен зияны
3. Буллинг кибербуллингтің алдын алу, жолын кесу.

Жиналыс барысы

Бірінші мәселе бойынша ДТЖО Г.А.Нұсқабаев сөз алып 8, 9, 11 сынып оқушыларына кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, қаңғыбастықтың, жыныстық қол тиіспеушіліктің, ерте жүктіліктің және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында қала көлемі бойынша жасалып жатқан іс-шаралар жөнінде айтып өтті. Бұл іс-шаралардың негізгі мақсаты кәмелет жасқа толмаған жастар арасындағы ерте жүктілік, нашакорлық, бұзақылықтың жолын кесу, жастар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау екенін, қылмысқа бару өмірінді күрту екенін жастарға тиінақтап түсіндіріп өтті.

Екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Албина Досжанова оқушыларға ерте жыныстық қатынастың салдарын, ұлдардың, қыздардың гигиенасы туралы ақпарат берді. Ерлер жыныс гигиенасы жөнінде нені ескеру керек? Еркектер көбіне елей бермейтін, бірақ оның денсаулығы үшін маңызды қандай мәселелер туралы да айтты. Жыныстық қатынас арқылы таралатын инфекцияның 30-ға жуық түрінің бар екенін, осы инфекцияларды сегіз топқа бөлінетінін айтып әр қайсысына жеке жеке тоқталып айтып өтті. Сонымен бірге, Ұлдар гигиенасы туралы анығын айтып берді.


Келесі мәселе бойынша сөз алған Еңбекші ауданы АПБ ЖПКБ ЮПТ аға УПИ полиция полиция майоры Э.Абдурахманова өз сөзінде оқушылардың құқық бұзушылықтары туралы, нашақорлық, шылым шегушілік туралы мағлұматтар берді. Түнгі рейд туралы да ақпараттар берді. Түнгі мезгілде жасөспірімдердің ата-анасының қамқорлығынсыз жүруге болмайтыны және осындай фактілер тіркеліп жатса ата-анаға айыпшұл салынатынын да ескертіп өтті. Құқық бұзушылыққа не итермелейтінін, оның салдары туралы да мағлұмат берді. Оқушылар өз ойларында жүрген сұрақтарын қойып ұтымды, қанағаттанарлық жауаптар ала алды.

Сонымен бірге, мектептің педагог-психологы Зарина Абдумоминова оқушыларға булинг, кибербулинг туралы ақпарат берді. Булинг, кибербуллингтің түрлері мен құрбандары кімдер болатынын, белгілері мен сипаттамасы қандай және оның жолдары туралы айта келіп, булингке ұшырамау кеңестерімен таныстырып өтті.

Қаулы:

1. Қорыта келгенде, ұлдарға құқықбұзушылықтың, қаңғыбастықтың нашақорлық, жыныстық тиіспеушілік және зорлық-зомбылықтың алдын алу, булинг, кибербулинг туралы жете түсіндіру шаралары жалғасын тапсын.

Мектеп директоры:  Е.К.Нурсейтов
ДТЖО:  Ф.А.Нұсқабаев

Жиналыс хатшысы:  Қ.Б.Калиева

Тема: «Спортивные игры»

ПРОТОКОЛ


Составитель: учитель физкультуры Г. В. Степанова И. В.



Составитель: учитель физкультуры Г. В. Степанова И. В.

2022-2023





ҰЛДАР ЖИНАЛЫСЫ

Тақырыбы: «Кәмелетке толмаған жасөспірім ұлдар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың, зорлық – зомбылықтың, аутодеструктивті мінез – құлықтың, нашакорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, галямтор желісіндегі тыйым салынған сайттарға кірудің алдын алу»



10 «А» сынып жетекшісі: Куздеубаева К.А.

